

## КОНКУРСҚА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» КММ-сі Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері **Ернияз Омаров**, Мұнай-газ саласының ардагері **Мұрат Саламатов** бюсттерінің (тұғырымен қоса) эскиздік жобасына конкурс жариялайды.

Конкурстың мақсаты – тұлғаның бейнесін ашатын, аса мәнерлі мүсіндік көркемдік шешімді анықтау. Ұсынылған жобалар жоғары идеялық және сәулеттік-көркемдік деңгейде орындалуы тиіс.

### 1. Конкурстың бағдарламасы

Конкурстық құжаттардың құрамы және оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар.

1.1. Конкурстық материалдар құрамында ұсынылатын құжаттар:

- Жобаның қасбеттері және оның орналасу сызбасы, бас жоспары қамтылған альбом немесе планшет,

- жобаның жұмсақ материалдан әзірленген эскиздері (тұғырымен қоса) – Н-0,50-0,60 см.

- жобаның көркемдік шешімі мен кеңістікті ұйымдастыру қағидалары және негізгі идеясы мазмұндалған 2 дана қысқаша түсініктеме жазба.

1.2. Жобаның орналасу сызбасы Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімімен келісілуі тиіс.

1.3. Көрнекті түрде назарға ұсыну үшін барлық материалдар электрондық нұсқада қосымша ұсынылуы қажет.

### 2. Конкурстың шарттары

2.1. Конкурсқа қатысуға мүсіншілер және авторлық ұжымдар шақырылады.

2.2. Орнатылатын орны:

**Ернияз Омаров бюсті** – Қызылорда қаласы, Көпбейінді қалалық аурухананың ауласы (Қызылорда қаласы, Н.Әбуов көшесі, 29).

**Мұрат Саламатов бюсті** – Қызылорда қаласы, М. Саламатов атындағы Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің ауласы (Қызылорда қаласы, Камалов көшесі, 35а).

2.3. Конкурсқа түскен жобалар (ілеспе материалдарымен қоса) Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі облыстық комиссияда қаралып, іріктелген жобалар Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі комиссия қарауына жолданады. Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі комиссия жобалардың ішінен ең үздігін анықтайды.

2.4. Авторлар конкурс материалдарын Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» КММ-не 2023 жылғы 10 ақпан сағат 18:00-ге дейін ұсынулары қажет.

2.5. Жобаға қосымша желімделген конвертте авторлардың аты-жөні, тегі және жобаға түсіндірме көрсетілген жазба ақпараттық парақ тіркеледі.

2.6. Конкурс шарттары сақталмаған жобалар байқауға жіберілмейді және комиссияда қаралмайды.

2.7. Бағдарлама және конкурс шарттары бойынша ақпарат алу үшін төмендегі мекенжайға хабарласуға болады: 120001; Қызылорда қаласы, И.Токтыбаев түйығы 2, ғимарат №1. Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі КММ. Тел: 8 (7242) 26-40-03; 27-86-84; e-mail: ohranakzl@mail.ru